

distinctive imprint in historical memory, shaped by the lifestyle and values of generations [4]. The idea of Zheruyik can therefore be interpreted as a method of defining and orienting zaman.

Zheruyik is not merely a geographical location, but a philosophical concept of humanity's spiritual ideal and social aspiration. By defining zaman, it enables individuals and society to understand their place and future. In Kazakh thought, Zheruyik symbolizes the connection between time and space, learning from the past while guiding the future.

Asan Qayghy's concept aimed to preserve ethno-territorial integrity and ensure national unity and security. For independent Kazakhstan, Zheruyik remains not only a legacy of the past but also a guiding vision for the future.

In the nineteenth century, Abai Qunanbayuly deepened the spiritual dimension of nationhood. He argued that education, science, labor, and morality were essential for national progress. For Abai, nationhood meant not merely political independence, but the cultivation of the "complete human being" (tolyk adam) as the basis for societal perfection. Thus, individual spiritual development becomes the prerequisite for national advancement.

In the early twentieth century, the Alash leaders headed by Alikhan Bokeikhan reinterpreted the idea of nationhood in terms of state sovereignty, legal equality, and national interests. For them, nationhood meant achieving national autonomy, advancing education and culture, and joining the ranks of civilized nations.

During the period of independence, the idea acquired new meaning. Kazakhstan, as a sovereign state, has defined its place within the global community while preserving national identity and adapting to globalization. Nationhood in this period is associated with revitalizing historical consciousness, developing language and culture, and strengthening civic responsibility.

Philosophically, nationhood is a complex process realized at ontological (preserving national being), epistemological (self-knowledge and formation of historical consciousness), and axiological (systematization of values) levels. It is not a momentary phenomenon but a historical mission transmitted from generation to generation.

In conclusion, the idea of nationhood is a national ideal grounded in internal unity, spiritual maturity, and a just social order. It means honoring the past, responsibly shaping the present, and consciously constructing the future.

References

1. Magauin, M. Kobyz Saryny. Almaty: Zhaly, 1991.
2. Esim, G. Consciousness of Being. Book Seven. Almaty: Gylym, 1992.
3. Qonyratbayev, A. Kazakh Epic and the Turkic World. Almaty: Gylym, 2004.
4. Salymatova, N. "Analysis of the Concept of Zaman in the Kazakh Worldview." Journal of Philosophy, Culture and Political Science, No. 3, 2025.

ӘОЖ: 364.4:004(574)

ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС БОЙЫНША МАМАНДАРҒА ЦИФРЛЫҚ ОҚЫТУ МАМАНДЫҒЫН ЕНГІЗУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Сәкен Е.Ғ.

философия және психология факультетінің магистранты,
Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды қ., Қазақстан
e-mail: saken1220@mail.ru

Әлеуметтік жұмыс – халықтың әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз етуге, өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарды қолдауға бағытталған кәсіби қызмет саласы. Бұл салада мамандардың қызметі тек теориялық біліммен шектелмей, заманауи технологияларды тиімді қолдану қабілетімен, практикалық біліктілікпенде тығыз байланысты бола бастады. Осыған орай, әлеуметтік жұмыс мамандарын даярлау жүйесіне цифрлық оқыту бағытын енгізу бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр.

Мақаланың мақсаты – әлеуметтік жұмыс мамандығына цифрлық оқыту пәнін енгізудің өзектілігін негіздеу, оның артықшылықтарын айқындау және іске асыру жолдарын ұсыну.


Әлеуметтік жұмыс саласы қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге тікелей тәуелді. Қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік, демографиялық өзгерістер, көші-қон үдерістері және урбанизация әлеуметтік қызметтерге деген сұранысты арттыруда. Осы жағдайлар әлеуметтік жұмыс мамандарының кәсіби қызметін күрделендіріп, жаңа әдістер мен құралдарды қолдануды қажет етеді.

Соңғы жылдары әлеуметтік салада цифрлық технологиялар кеңінен қолданыла бастады. Электрондық деректер базасы, онлайн тіркеу жүйелері, қашықтан кеңес беру қызметтері әлеуметтік қызмет көрсету үдерісін оңтайландырып, оның қолжетімділігін арттырды [1, 32-6].


Қазақстандағы әлеуметтік саланы цифрландырудың негізгі элементтерінің бірі электрондық үкімет порталы болып табылады (eGov.kz). Бұл портал арқылы азаматтар атаулы әлеуметтік көмекті, мүгедектігі бойынша жәрдемақыны, бала күтімі бойынша жәрдемақыны және мемлекеттік қолдаудың басқа да түрлерін қоса алғанда, түрлі әлеуметтік төлемдер, жәрдемақылар мен қызметтерді алуға өтініш бере алады. Әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау және төлеу процестерін автоматтандыруға арналған «Әлеуметтік көмек» ақпараттық жүйесі маңызды рөл атқарады. Бұл жүйе басқа мемлекеттік дерекқорлармен біріктірілген, бұл азаматтардың табысы, отбасы құрамы және әлеуметтік мәртебесі туралы мәліметтерді автоматты түрде тексеруге мүмкіндік береді. Сондай – ақ, отбасының цифрлық картасы белсенді қолданылады-әртүрлі мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтерді жинақтайтын аналитикалық құрал. Бұл жеке өтініш берусіз отбасының әл-ауқат деңгейін анықтауға және әлеуметтік қолдаудың ықтимал қажеттілігін анықтауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік қорғау саласында мобильді қосымшалар мен онлайн-сервистер белсенді дамуда. Мысалы, мемлекеттік қызметтердің мобильді қосымшалары арқылы азаматтар әлеуметтік төлемдердің мәртебесін қадағалап, хабарламалар алып, жәрдемақы тағайындауға келісін растай алады. Қашықтықтан сервистерді дамыту әсіресе мемлекеттік мекемелерге қолжетімділік шектелуі мүмкін. Қазақстанның ауылдық және шалғай өңірлерінің тұрғындары үшін өзекті. Цифрлық шешімдер өңірлік теңсіздікті төмендетуге ықпал етеді және әлеуметтік қолдауға тең қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Мүгедектікті, түрлі жәрдемақылар мен зейнетақыны тағайындау, мүгедектігі бар тұлғаларға жеке оңалту және абилитация бағдарламасы бойынша әлеуметтік қызметтерді және оңалтудың техникалық құралдарымен қамтамасыз ету Әлеуметтік қызметтер порталы (aleumet.egov.kz) арқылы электрондық форматта қашықтықтан жүзеге асады. Сонымен қатар, жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамту Электрондық еңбек биржасы (enbek.kz) арқылы жүргізіледі. Бұл өзгерістер әлеуметтік жүйесінің ашықтығын қамтамасыз етіп, қызмет көрсету сапасын арттырып, қолжетімділікті қамтамасыз етіп отыр.



Әлеуметтік қызметтер порталы



Еңбек биржасы порталы

Мемлекеттік орган
ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

Қызметті алушылар
Жеке тұлғалар

Қызметті ұсыну тәсілдері
Ұялы байланыстың абоненттік қорынамыс
Көп, ауыл, ауылдық округ әкімі
Мансап орталығы
«Электрондық үкімет» порталы

Қызмет құры
Тегін

Қызмет көрсету мерзімі
Мансап орталығына жүгілген кезде мансап орталығы құжаттар топтамасын тіркеген күнен бастап – 15 жұмыс күні
Психологиялық қызмет алушыларға арналған...

Басты бет

Автоматтандырылған қызмет

АӘК тағайындау

Айлар парағына өту

Сіз авторизациялаудан өтпедіңіз. Қызметті алу үшін **авторизациялаудан өту** немесе **тіркелу** керек.

Қызметті онлайн алу

- Порталда авторизациядан өтіп "Онлайн сұрау" батырмасын басыңыз.
- Өтінімді толтырып оған ЭЦҚ-мен (электрондық цифрлық қолтаңбамен) немесе смс-паролінің көмегімен қол қойыңыз (міндетті түрде мобильдік азаматтар базасында тіркеу бар болу қажет). Өтінімде «Қазпошта» АҚ да, «Халық Банкі» АҚ да ашылған жеке шоттың (IBAN) нөмірін көрсету қажет.

Ескерту: Жеке шот өтіміз берушінің атына ашылуы тиіс.

«Параметры»

«Электрондық үкімет» порталы

Айтарлықтай жетістіктерге қарамастан, әлеуметтік қорғауды цифрландыру бірқатар қиындықтарға тап болады. Оларға цифрлық теңсіздік, халықтың жекелеген санаттарының цифрлық сауаттылығының жеткіліксіз деңгейі, сондай-ақ дербес деректерді қорғау мәселелері жатады. Болашақта Қазақстан Республикасын әлеуметтік қорғау саласындағы цифрлық шешімдерді одан әрі дамыту мемлекеттік ақпараттық жүйелердің интеграциясын кеңейтумен, жасанды интеллект технологияларын қолданумен және әлеуметтік тәуекелдерді болжау үшін едәуір дерек қорды талдаумен байланысты.

Дегенмен, цифрлық құралдардың енгізілуі әлеуметтік жұмыс мамандарының бәрінде бірдей жеткілікті деңгейде цифрлық сауаттылықтың бар екенін білдірмейді. Көп жағдайда мамандар технологияны тек қосымша құрал ретінде пайдаланып, оның толық әлеуетін іске асыра алмайды. Осы мәселе «Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламаларын жаңартуды, қайта қарауды талап етеді.

Сонымен қатар, цифрландыру әлеуметтік жұмыс мамандарының қызметінде ақпараттық жүктеменің артуына алып келді. Сондықтан мамандардың цифрлық сауаттылығы мен технологиялық құзыреттілігі кәсіби қызметтің маңызды құрамдас бөлігі болып отыр.

Әлеуметтік жұмыс мамандарының цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың қажеттілігі орасан зор.

Цифрлық құзыреттілік – маманның кәсіби қызметінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалана алу қабілетін білдіреді. Әлеуметтік жұмыс саласында бұл құзыреттілік әлеуметтік деректермен жұмыс істеу, электрондық құжат айналымын жүргізу және онлайн форматта кәсіби қарым-қатынас орнату дағдыларын қамтиды [2, 45-6].

Әлеуметтік жұмыс мамандары цифрлық ортада қызмет алушылардың жеке деректерін өңдеп, ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтауы тиіс. Осыған байланысты цифрлық оқыту мамандығы болашақ мамандарды кәсіби этика мен цифрлық жауапкершілікке үйретуге бағытталады.

Цифрлық құзыреттілігі жоғары әлеуметтік жұмыс мамандары әлеуметтік мәселелерді талдауда деректерге негізделген шешімдер қабылдай алады. Бұл әлеуметтік қызмет көрсету тиімділігін арттырып, әлеуметтік саясатты іске асыруға оң әсерін тигізеді.

Әлеуметтік жұмыс мамандары үшін цифрлық оқытудың артықшылықтары да бар. Цифрлық оқыту пәнін енгізу әлеуметтік жұмыс саласында бірқатар артықшылықтарды қамтамасыз етеді. Біріншіден, қызмет алушылардың географиялық орналасуына қарамастан ауылдық немесе шалғай аймақтарда тұратын азаматтар онлайн кеңес, қашықтықтан көптеген қызметтерді алу мүмкіндігі болады.

Екіншіден, уақыт пен ресурстарды үнемдеу мүмкіндігі пайда болады. Құжаттарды цифрлық форматта жүргізу және онлайн байланыс орнату әлеуметтік қызметтің тиімділігін арттырады. Үшіншіден, еңбек нарығында әлеуметтік жұмыс мамандарының кәсіби бәсекеге қабілеттілігі артады. Цифрлық құзыреттері бар маман еңбек нарығында сұранысқа ие болады және әлеуметтік саладағы инновациялық жобаларды жүзеге асыра алады.

Төртіншіден, халықтың, яғни, қызмет алушылардың цифрлық мәдениетін арттыруға ықпал етеді. Әлеуметтік жұмыс мамандары қызмет алушыларға тек көмек көрсетіп қана қоймай, оларды цифрлық кеңістікте дұрыс бағдарлануға, қызмет алуға үйрете алады.

Цифрлық оқыту мамандығын енгізудің мәселелері мен шешу жолдары.

Әрбір жаңашылдық сияқты, цифрлық оқыту мамандығын енгізу барысында бірқатар қиындықтар туындайды. Олардың қатарына материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі, оқытушылардың цифрлық құзыреттерінің төмендігі және оқу бағдарламаларының ескіруі жатады.

Бұл мәселелерді шешу үшін:

- жоғары оқу орындарында оқу бағдарламаларын қайта қарау қажет;
- жоғары оқу орындарына жергілікті әлеуметтік қорғау саласының құзіретті органдарымен «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша даярланатын студенттерді қолданыстағы ақпараттық жүйелермен жұмыс істеуге үйрету бойынша меморандум арқылы жүзеге асыру қажет;
- цифрлық инфрақұрылымды дамыту керек.

Сонымен қатар цифрлық оқыту элементтерін кезең-кезеңімен енгізу тиімді нәтиже беретін болжам бар. Алдымен элективті пәндер немесе модульдер ретінде енгізіп, кейін толыққанды пәнге айналдыру жолын қарастыруға болады.

Цифрлық оқыту пәні білім беру жүйесінде пәнаралық бағыт ретінде қарастырылады. Ол педагогика, әлеуметтік жұмыс және ақпараттық технологиялар салаларын біріктіреді. Әлеуметтік жұмыс мамандарын даярлау барысында цифрлық оқыту элементтерін енгізу оқу үдерісінің мазмұнын жаңартып, студенттердің кәсіби дайындығын арттырады [3, 61-6].

Онлайн курстар, интерактивті платформалар және виртуалды симуляциялар білім алушыларға нақты әлеуметтік жағдайларды модельдеуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл теориялық білімді тәжірибемен ұштастырып, болашақ мамандардың кәсіби бейімделуіне жағдай жасайды.

Сонымен қатар, цифрлық оқыту білім алушылардың өзіндік оқу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Студенттер ақпаратты өз бетінше іздеп, талдап, кәсіби тұрғыда қолдануға үйренеді.

Әлеуметтік жұмыс саласында цифрлық оқытуды қолданудың артықшылықтарына тоқталсақ.

Цифрлық оқыту мамандығын енгізу әлеуметтік жұмыс саласында бірқатар оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Ең алдымен, білім беру үдерісінің икемділігі қамтамасыз етіледі. Білім алушылар оқу материалдарын қашықтан меңгеріп, кәсіби білімін үздіксіз жетілдіре алады [4, 78-6].

Екіншіден, цифрлық технологиялар оқу мазмұнын жедел жаңартып отыруға мүмкіндік береді. Әлеуметтік саладағы өзгерістер мен жаңа нормативтік құжаттар оқу бағдарламаларына уақытылы енгізіледі.

Үшіншіден, цифрлық оқыту әлеуметтік жұмыс мамандарының кәсіби жүктемесін оңтайландырады. Автоматтандырылған жүйелер құжаттық жұмыстарды жеңілдетіп, мамандарға қызмет алушылармен тікелей жұмыс істеуге көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік береді.

Қазақстандағы «Әлеуметтік жұмыс» мамандарын даярлауда цифрлық оқытудың маңызы.

Қазақстан Республикасында цифрландыру мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы әлеуметтік саланы жаңғыртуға және халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған [5, 146].

Осы бағдарлама аясында әлеуметтік жұмыс мамандарын даярлау жүйесіне цифрлық оқыту мамандығын енгізу – кадрлық әлеуетті арттырудың маңызды тетігі болып табылады. Бұл бағыт болашақ мамандардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыратыны сөзсіз.

Қорытындылай келе, «Әлеуметтік жұмыс» бойынша мамандарға цифрлық оқыту пәнін енгізу қазіргі қоғамның әлеуметтік және технологиялық даму үрдістерінен туындаған объективті қажеттілік болып табылады. Бұл бағыт әлеуметтік жұмыс саласының тиімділігін арттырып, кәсіби қызметтің сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Цифрлық оқыту әлеуметтік жұмыс мамандарына инновациялық технологияларды меңгеруге, әлеуметтік мәселелерді кешенді түрде шешуге және халыққа көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыруға жағдай жасайды. Сондықтан әлеуметтік жұмыс саласында цифрлық оқыту пәнін дамыту стратегиялық маңызы бар бағыттардың бірі болып саналады.

Әдебиеттер тізімі

1. Әбдіғалиұлы Б. Әлеуметтік жұмыс теориясы мен практикасы. – Алматы, 2019.- 326.
2. Сейітова А.Қ. Әлеуметтік саладағы цифрлық технологиялар. – Нұр-Сұлтан, 2020.- 456.
3. Қалиев С. Цифрлық білім беру негіздері. – Алматы, 2018. - 616.
4. Иванов В.П. Цифровые технологии в социальной работе. – Москва, 2021.- 786.
5. Қазақстан Республикасы Үкіметі. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы. – Астана, 2017.- 146.